

Түлектердің пікірлері





**Кашкинбаев
Нурлыорак
Темирболатович**

07150500 «Дәнекерлеу ісі» мамандығының 2011 – 2014
оқу жылы түлегі
«Строй-монтаж Сталь» ЖШС, дәнекерлеуші маманы
IV санат

Менің Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжінде оқуым – бұл ең алдымен, болашақ мамандығымды дұрыс таңдауым болды. Колледждің білім беру жүйесі өте тиімді және заманауи талаптарға сай. «Дәнекерлеу ісі» мамандығында оқи отырып, металл конструкцияларын, күрделі аппараттарды, бөлшектерді, металдарды балқыту әдісімен біріктіруді үйреніп, шойын, болат құбырлардың құрылымдарын, тетіктерді қолмен, доғалы, плазмалы және газбен дәнекерлеу бойынша тәжірибелер болды. Сонымен қатар телевизионды, фотоэлектрондық және басқа да құралдармен жабдықталған автоматтарда дәнекерлеу бойынша практикалық сабақтардан өтіп, алған білімдерім мен дағдыларым мені жұмысқа дайын болуға көмектесті. Колледждің оқытушылары мен басшылығына алғыс білдіремін.



**Бурумбаев Медет
Галимжанович**

07150500 «Дәнекерлеу ісі» мамандығының 2015 – 2019
оқу жылы түлегі
«Коппер Технолоджи» ЖШС, Электргазымен дәнекерлеуші
IV санат

Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжі — білім беру саласында жоғары деңгейде мамандар дайындайтын оқу орны. Мен колледжде дәнекерлеу ісі мамандығы, соның ішінде электргазымен дәнекерлеуші біліктілігі бойынша білім алдым. Қарапайым тұрмыстық сымдарды жүргізуден бастап, өндірістік деңгейдегі электр желілерін дәнекерлеуді, электр қауіпсіздігі талаптарын толық меңгердік. Электр доғалы дәнекерлеу, газбен дәнекерлеу, жартылай автомат дәнекерлеу сияқты әдістермен жұмыс істеуді үйрендік. Колледж кезінде нақты кәсіпорындарда тәжірибеден өту, жұмыс жағдайын көруге, мамандармен танысуға және өзімізді сынауға мүмкіндік берді. Колледж білімді әрі білікті, жоғары деңгейдегі мамандарды даярлауда елімізге үлкен үлес қосуда деген ойдамын.



**Вячаслав
Вячаславович Пуховой**

07150500 «Дәнекерлеу ісі» мамандығының 1996 – 1999
оқу жылы түлегі
ЖК «Пуховой», Жеке кәсіпкер

Колледжде оқу барысында бізге тәжірибеге бағытталған сапалы білім берілді. Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған оқу шеберханаларында түрлі дәнекерлеу әдістерін – электр доғалы, газбен, жартылай автомат дәнекерлеуді іс жүзінде меңгердік. Әсіресе, металл қалыңдығына қарай дұрыс режим таңдау, тігінен және төбеден дәнекерлеу сияқты күрделі тәсілдерді үйрену мен үшін үлкен тәжірибе болды. Өндірістік практика кезінде түрлі мекемелерде тәжірибеден өту арқылы нағыз өндіріс ортасында жұмыс жасап, нақты тапсырмалар орындадым. Құбыр желілерін дәнекерлеу, металл конструкцияларын құрастыру, сызба бойынша жұмыс істеу сияқты жұмыстарға қатыстым. Колледждегі ұстаздар өте білікті, үнемі көмектесіп, бағыт беріп отырды. Олар бізге тек мамандықты емес, кәсіби этика мен еңбекке деген құрметті де үйретті.





**Кусаинова Гульзада
Сагинтаевна**

07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану»
мамандығының 1989 – 1992 оқу жылы түлегі
«АЗФ» , Өндіріс шебері

Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжі маған кәсіби дағдыларымды жетілдіруге, жаңа технологиялар мен заманауи әдістермен танысуға үлкен мүмкіндік берді. Колледжде білім алу барысында тәжірибелі оқытушылардың жетекшілігімен көптеген практикалық сабақтар мен тағылымдамалар өтті, бұл мені жұмысқа дайын болуға көмектесті. Колледждің инфрақұрылымы жақсы дамыған, заманауи құрал-жабдықтар мен зертханаларда жұмыс істеп, өзімді шынайы жұмыс ортасында сезіндім. Мұнда алған білім мен тәжірибе мені еңбек нарығында табысты маман болуға дайындады. Колледжде өткізілетін түрлі конкурстарда әділ-қазы алқасында мүше болып, колледж білім алушыларымен іс тәжірибелерімен бөлісіп отырамын. Қазіргі таңда ТНҚ «КазХром» АЗФ өндіріс шебері болып қызмет атқарудамын. Түлек ретінде мен өзінің болашақта қандай оқу орнын таңдау қажеттігін шеше алмайтын мектеп оқушыларына осы колледжді шын жүректен ұсынғым келеді.

07130700 «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет
көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының 2013 – 2016
оқу жылы түлегі
Автосервис «Мустанг» , Шебер



Березниченко Иван

Мен, Березниченко Иван, 2016 жылы «Электромонтаждаушы» мамандығы бойынша колледжді аяқтадым. Электр жүйелері мен құрылғыларына деген қызығушылығым мені осы мамандыққа бағыттады. Бұл мамандықта жұмыс істей отырып, электр энергиясын дұрыс және қауіпсіз тарату үшін қажетті жүйелерді құруға атсалысамын. Колледжде оқу кезінде мен көптеген керемет мұғалімдерді, өз саласының кәсіби мамандарын, бәріне бірдей жол таба алатын жеке тұлғаларды кездестірдім. Әр мұғалім өзгелерден жаңашылдығымен, ерекше оқыту әдістерімен, шығармашылығымен ерекшеленді. Қазіргі уақытта колледжіміздің барлық түлектері еліміздің ең жақсы университеттерінде оқуларын жалғастыруда, ең беделді компанияларда жұмыс істейді. Мен осы колледждің түлегі болғанымна шын жүректен қуаныштымын және мақтанамын.

06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының
2020 – 2024 оқу жылы түлегі
Ақтөбе облыстық тәжірибелік орталығы, баспа бөлімі
техник-программист



**Амангелді Снежана
Жаңабайқызы**

Бұл мамандық менің болашаққа деген көзқарасымды түбегейлі өзгертіп, мені қазіргі заманғы технологияларды терең түсінуге үйретті. Оқу барысында бағдарламалау, желілік технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік, мәліметтер қорын басқару бойынша дағдыларды меңгердім. Бағдарламалау тілдері (Python, C#, Java), дерекқорлармен жұмыс (MySQL, Access), веб-бағдарламалау (HTML, CSS, JavaScript), сондай-ақ қолданбалы бағдарламалар жасау, жүйелік әкімшілендіру, бағдарламаларды тестілеу және компьютерлік желілерді құру бағыттарында да білім алдым. Өндірістік практика кезеңінде нақты жұмыс жағдайларымен танысып, ұжыммен жұмыс істеу, тапсырыс берушімен байланыс орнату және нақты жобаларды орындау секілді маңызды машықтарға ие болдым. Әсіресе, қолданбалы бағдарлама жасауға, мәліметтер қорын енгізу және веб-сайттар жасауға қатысу — мен үшін үлкен тәжірибе болды.

